

Мұғалімнің сабақ жоспары

Киелі кітап уақытының 0-ден 4-ке дейінгі деңгейінің
А бөлімінің А9 және А10 сабақтары

Киелі кітаптан білім беру қызметтері (КБҚ)

Ұлыбританияда тіркелген қайырымдылық қоры (CIO 1186004)

КБҚ-ның қызметі:

Иса Мәсіх туралы ақиқатты келер ұрпаққа таныстыру үшін, Киелі кітап сабақтарын бүкіл әлем бойынша жарыққа шығару.

КБҚ-ның аян-мақсаты:

Осындай қызметке бағышталған серіктестердің жаһандық желісін дамытып және қолдай отырып, жас ұрпаққа өз ана тіліндегі толық оқу жоспарымыз арқылы ақиқатты жеткізу.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Киелі кітаптан білім беру қызметі не істейді?

Киелі кітаптан білім беру қызметі ағылшын тілінде Киелі кітап уақыты, Bibletime Going Deeper (бұрынғы NewLife) және Егін орушылардың Киелі кітабы сабақтарын баспадан шығарады. Сондай-ақ, пошталық Киелі кітап мектептері және Ұлыбритания мен шетелдерде КБҚ сабақтарын қолданып жүрген ұйымдарға қолдау көрсетеді. Біз мұны желі арқылы, кеңес беру, тренингтер өткізу, оларға бару арқылы жүзеге асырамыз. Дәл қазір КБҚ басқа елдерде осы сабақтарды аударып, дизайнын жасап, оларды баспадан шығарып, таратумен айналысып жатқан топтармен серіктесе отырып қызмет етіп жатыр. Бұл сабақтар барлық оқырмандарға тегін таратылуы тиіс.

Киелі кітап уақытының сабақтары алғаш рет 50 жыл бұрын оңтүстік Ирландияда қолданылды. Киелі Кітаптан білім беру қызметі Киелі кітап уақытының сабақтарын ағылшын және барлық басқа тілдерде басып шығару жауапкершілігін атқарады. Киелі кітап уақытының сабақтары әдетте А4 форматында басылып шығады. Бұл оқушыларға әрбір төрт апта сайын сабақтарын бағалау үшін Киелі кітап Мектебі Орталығына жіберуге мүмкіндік береді. Жуырда Белфасттағы Эври Хоум Крусейдтің (Қайта өрлеу қозғалысы) арқасында сабақтар А5 форматында басылып шықты. Оны қауымдар мен мектептерде, әсіресе, пошта қызметі нашар дамыған елдерде қолдану әлдеқайда оңайырақ болды.

КБҚ сабақтары үйде немесе топпен (қауымда/мектепте) өтуге болатындай ерекше жасалынған. Оқушылар оны 20 жылға дейін оқи берулеріне болады. Сол үшін жоспарланған силлабусы да бар. Сабақтардың бес деңгейі әрбір жас тобына арналған. Бұл - мектепке дейінгі 5-7 жас, 8-10 жас, 11-13 жас, 14-16 жас аралығындағы топтар үшін қолжетімді сабақтар. Әрбір жастың тобына арналған үш жылдық силлабусы бар. Жас топтары әр түрлі қабілет деңгейлеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Киелі кітап уақыты ресурстары балалардың Киелі кітапты үйренуіне және оның бүгінгі күні адамдардың өмірінде өзектілігі туралы ойлануына мүмкіндік береді.

Сабақтардың көшірмесін КБҚ-ның веб-сайтынан www.besweb.com немесе Эннискиллендегі КБҚ офисінен алуға болады. Веб-сайтта басқа тілдердегі аудармасын да табуға болады. Егер бізбен серіктес болғыңыз келсе, КБҚ-ның веб-сайтынан бұл жөніндегі құжаттарды көруге болады.

КБҚ-ның байланыс мекен-жайы

КБҚ офисі (ағылшын тіліндегі барлық сабақтардың қоймасы):

37a Белмор к-сі, Эннискиллен, Солтүстік Ирландия, BT74 6AA

Телефоны: 02866 322462

Эл.пошта: info@besweb.com

Веб-сайт: www.besweb.com

Мұғалімнің сабақ жоспары

Мұғалімнің сабақ жоспары Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданып жүрген мұғалімдерге сыныпта/топта оқытуға арналған ұсыныстар мен идеялармен қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл кітапша 0-ден 4-ке дейінгі деңгейлерде қолдану үшін жасалған.

Әрбір сабақтың жоспары Киелі кітап уақытының сабағындағы Киелі кітап сілтемелерімен бірдей жүреді және олар апта сайын пайдалануға арналған. Сәуір айының сабақтары Қайта тірілу мейрамына байланысты және желтоқсан айының сабақтары Исаның туылу күніне негізделіп ерекше өтеді.

Әдетте топ/сынып мұғалімі әр аптада бір айға берілген А4 сабақтарын өткізеді. Егер қажет болса, олар еркін оқу уақытын өткізе алады. Айдың соңында мұғалімдер сабақтарды жинап алып, оларды тексеріп, оқушыларға қайтарып береді.

Мұғалімдерге арналған дайындық

Мұғалім Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданғанда, өзінің тобындағы оқушыларға қолайлы идеялар мен инициативаларды пайдалана алады. Келесі ұсыныстар осы ресурсты пайдалануға көмектеседі:

- **Әңгімемен таныс болыңыз.** Мұғалім Киелі кітаптағы әңгімемен және онымен бірге жүретін Киелі кітап уақытының сабақтарымен мүмкіндігінше таныс болғаны жөн. Негізінде Киелі кітап уақытының сабағын сабақ басталмай тұрып, мұғалімнің өзі орындауы қажет. Сабақ жоспарлары да сабақтарды жоспарлауға көмекші құрал ретінде мұқият қарастырылуы қажет.
- **Үйретілуге тиісті сабақты түсініп алыңыз.** Әрбір сабақтың жоғарғы жағында «Біздің үйренетініміз» деген жазу және оның астында үйренетін нәрселердің тізімі бар. Балалар мұғалімнің сабағынан кейін және Киелі кітап уақытының сабағын аяқтағанда осы нәрселерді үйреніп алады деп үміттенеміз.
- **Таныстыру.** Барлық сабақта біз әр түрлі жағдайларға байланысты балалардың қандай тәжірибелері бар екенін білуден бастаймыз. Біз балаларға әңгіменің ең басын талқылауға белсенді қатысулары үшін әңгімені таныстырудың әр түрлі жолдарын ұсындық.
- **Үйрету.** Біз әңгімедегі негізгі ойларды алдын ала беріп қойдық. Әңгімені үйрету барысында оларға сілтеме жасаудың қажеті жоқ, бірақ олар пайдалы нұсқаулық болып табылады. Оларды шабыттандыратын қызықты жолдармен үйретуді көздеңіз. Балалардың назарын аудартып, негізгі ойды түсінулеріне көмектесіңіз. Ол үшін жайлы дауыс ырғағымен сөйлеп, олардың не үйренгендерін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.
- **Көрсетіңіз.** Кейбір жағдайларда көрнекілік құралдарын табу қиын болғанымен, балалардың әңгімені жақсы түсінулері үшін мүмкіндігінше суреттер немесе көрнекілік құралдарын пайдаланған маңызды. Көптеген сабақтарда www.freebibleimages.org (FBI) веб-сайтынан жүктеп алуға болатын суреттер жайлы ақпарат берілген. Әңгімеге/оқуға арналған бұл тікелей сілтемелер кітапшаның соңында берілген А, В және С қосымшаларында жазылған.
- **Үйрену.** Әрбір әңгімеге негізгі аят бекітілген. Осы аяттарды естіп, үйрену балалардың Киелі кітаптағы сөздерді тереңірек білуіне көмектеседі.
- **Аяқтау.** Әдетте мектепте мұғалім оқушылардың жұмысты орындау қабілетін және өз жағынан қаншалықты көмек керек екенін біледі. Кейбір балалар үшін мұғалім сабақта өтетін мәтінді оқып шығуы қажет, өйткені оқушылар өздеріне таныс әңгімеге еріп отырады. Басқа балалар мәтінді өз бетінше оқи алады. Қандай тәсілді қолдансаңыз да, сабақтың қызықты өтуін қадағалаңыз және балаларды еңбектері үшін мақтауды ұмытпаңыз.
- **Қайталау.** Үйренуге көмек болсын деп, тақырыпты қайталау құралы ретінде сөзжұмбақтар мен ойындар, драмалық көріністер ұсынылған.
- **Өмірде қолдану.** Бұл бөлімнің тақырыбы «Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?» деп аталады және осы шақыруға қалай жауап беретініміз жөнінде жеке әрі топтық жұмыстар берілген.



АТЫ:

К.Б.Қ.


Бұлт бейнесіндегі бұл кейіпкер Мысырдан шығу кітабының 13-тарауындағы 21-22 аяттарға негізделіп алынған және Құдайдың қатысын білдіреді. Киелі кітап уақыты әңгімелерінде ол - даналықтың қайнар көзі, өйткені ол «Сұрақ» деген кейіпкерге Құдай туралы үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Ол - бәрімізді Құдайдың Сөзін, яғни, Киелі кітапты терең түсініп оқуға жігерлендіретін мейірімді, жылы жүзді кейіпкер.



АТЫ:

СҰРАҚ


Сұрақ - ізденімпаз әрі терең ойланатын кейіпкер. Оның өте көп сұрақтары бар және сұрақ беруден қорықпайды. Ол өзінің сұрақтарына жауап табуға көмектесетін К.Б.Қ мен Нұр атты достарына дана әрі жігер беретін тәлімгерлер ретінде қарайды. Солай істей отырып, ол бәрімізге ең керемет дос болатын Исаны табуға көмектеседі.



АТЫ:

ҮЗІЛІС

Үзіліс – қуанышты әрі көңілді кейіпкер. Ол сөйлемейді, бірақ үзіліс жасайтын уақытты білдіреді. Сөйтіп, біз осыған дейін үйренген нәрселер туралы ойлана аламыз. Сондай-ақ, біз мұқият ойланып болғаннан кейін, Үзіліс біздің жаттығу жасауымызға немесе сұрақтарға жауап беруге кірісу қажеттігін есімізге салады.



АТЫ:

НҰР

Шам бейнесіндегі бұл кейіпкер 118-ші Забур жырындағы 105 аятпен байланысты. Ол Исаға арнап, «шам-шырақтай нұрын шашады». Ол К.Б.Қ-мен бірге Сұрақ кейіпкеріне және бізге Киелі кітаптың Құдай берген нұсқаулық екенін түсінуге көмектеседі. Ол бізге Құдаймен және басқалармен қарым-қатынаста тұрып, Ізгі хабардың шындығына қалай куәгер болуды көрсетеді.

Киелі кітап уақытының силлабусы

	0-деңгей (мектепке дейінгі жас) 1-деңгей (5-7 жас) 2-деңгей (8-10 жас)	3-деңгей (11-13 жас)	4-деңгей (14 жастан жоғары)
БАСТАУШЫ БӨЛІМДЕР	Бастаушы сабақ. Кіріспе.	Бастаушы сабақ. Кіріспе.	Бастаушы сабақ. Кіріспе.
А БӨЛІМІ	1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір - Айқыш 5. Ыбырайым 6. Ыбырайым 7. Петір 8. Петір 9. Жақып 10. Ерте кездегі мәсіхшілер 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір - Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мінажат 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Жаратылыс пен күнәға бату 2. Ерте кездегі дамулар– Жаратылыстың басталуы 3. Петір 4. Петір - Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мәсіхшілік өмір 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
В БӨЛІМІ	1. Мәсіхтің өмірі 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Астарлы әңгімелер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Исаны кездестірген адамдар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Ізгі хабарды жазушылар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жақып пен оның отбасы 7. Жүсіп 8. Елші. іст. 2:42 – Алдағы жол 9. Мұса 10. Мұса 11. Заң 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
С БӨЛІМІ	1. Даниял 2. Тағы басқа кереметтер 3. Исаны кездестірген адамдар 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут және Самуил 6. Дәуіт 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Жүніс 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Даниял 2. Исаны кездестірген адамдар 3. Тағы басқа кереметтер 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Құдай қолданған адамдар. Көне Өсиет 12. Исаның туылуы туралы әңгіме	1. Даниял 2. Исаның сөздері 3. Жаратқан Иенің құдіреті 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Көне Өсиеттегі басқа кейіпкерлер 12. Исаның туылуы туралы әңгіме

	Біздің үйренетініміз: - Өзімшіл болу дегеніміз басқалардың сезімін елемей, өзін-өзі бірінші орынға қою дегенді білдіреді. - Жақып сияқты біз де өзімшіл боламыз. Киелі кітап мұның Құдайға қарсы жасалатын күнә екенін айтады. Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 25:28 немесе Філіпіліктерге 2:3 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 25:19-34
ТАНЫСТЫРУ	- Егіз балаларды білесің бе? Олардың түрлері немесе мінез-құлықтары бір-біріне ұқсай ма, әлде мүлдем ұқсамай ма? Өз аға-інілеріңмен, әпке-қарындастарыңмен ренжісетін кездерің бола ма? Олармен төбелескен сәттерің болды ма? - Өзімшілдік деген нені білдіреді? Өзің танытын біреу өзімшілдік танытып, сенің сезімдеріңді жаралаған кездері болды ма? - Бүгінгі әңгіме бір-бірімен қарым-қатынасы жаман болған екі ағайынды жігіт туралы. Олардың біреуі тек өзін ғана ойлап, ағасын алдады.
ҮЙРЕТУ	- Ысқақ пен Рабиға егіздерінің дүниеге келуін күтіп жүрді. Олар туылмай тұрып-ақ, Жаратқан Ие үлкенінің кішісіне қызмет ететіні жайында Рабиғаға айтқан болатын. (Жарат.баст. 25:19-23). - Егіздер туылғанда, екеуінің екі түрлі болатыны анық білінді. Үлкен ұлдары Есаудың денесі түкті болды, ал інісі Жақыптың денесі ондай емес. (Жарат.баст. 25:24-26) Сондай-ақ, олардың әрқайсысына әр түрлі нәрселер ұнайтын: Есау жақсы аңшы болса, Жақып үйде қалғанды ұнататын. Олардың әке-шешесінің өздеріне ұнайтын ұлдары болғанын сезімталдықпен түсіндіріңіз. Ысқақ Есауды, ал Рабиға Жақыпты жақсы көретін. (Жарат.баст. 25:27-28) - Бір күні Жақып көже пісіріп жатты. Есау аң аулауға кеткен болатын. Балалардың мынаны көз алдына елестетуіне көмектесіңіз: Есау қатты шаршаған, қарны аш. Дәмді тамақтың иісі бұрқырап тұр! Есау сол сәтте дәмді тамақты жегісі келді! Бірақ Жақып өте айлакер еді. Ол бірден Есауға тұңғыштық жолын оған сатса ғана, сол көжеден іше алатынын айтты. <i>Тұңғыштық жол туралы түсіндіріңіз. Отбасындағы тұңғыш бала тұңғыштық құқыққа ие болатын. Бұл дегеніміз егер әкесі қайтыс болса, онда ол отбасының басы болады дегенді білдіреді. Сонымен қатар, әкесінің жиған байлығынан екі есе алуға құқығы болады.</i> - Есау сәл тоқтап, ойланбады. Оның қатты қарны ашып тұрған еді. Ол өзін алдауға жол беріп, бір кесе көжеге тұңғыштық жолын сатып жіберді. (Жарат.баст. 25:29-34) Екі ұлдың да әрекетін талқылаңыз. Жақып Есауды алдап, оның тұңғыштық жолын алып алуы дұрыс болды ма? Бір кесе көже үшін Есаудың өзінің құнды деп есептелетін тұңғыштық жолын бере салуы дұрыс келісімге жата ма? - Құдай Жақып пен Есауға риза болды деп олайсыңдар ма? - Кей кездері біз де Жақып пен Есау сияқты өзіміздің қалауымыз туралы ғана ойлаймыз. Біз өзімшілдік танытқанда, Құдайға қарсы күнә жасайтынымызды Киелі кітап айтады. Басқалардың бізге қалай қарағанын қаласақ, біз де оларға солай қарағанымыз жөн. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: www.bibleforchildren.org – Жақып. А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Жақыптың өз ағасын алдауы
ҮЙРЕНУ	Керек жерінде негізгі аятты үйретіп, түсіндіріңіз. Жаратылыстың басталуы 25:28 немесе Філіпіліктерге 2:3
ЕСТЕ САҚТАУ	- Әңгімедегі екі ұлдың есімдері кім? - Ұлдардың қайсысы үлкені болды? - Ұлдар қай жағынан бір-біріне ұқсамады? Екі жағын ата. - Тұңғыштық жол деген не? - Жақып неліктен тұңғыштық жолды өзіне алғысы келді? Қалай ойлайсың? - Жақып Есауды қалай алдады? - Осы әңгімеден біз нені үйрене аламыз?

A9 2-әңгіме
Жақыптың өз әкесін алдауы

	Біздің үйренетініміз: • Рабиға мен Жақып Ысқақты алдағысы келді. • Алдау мен өтірік айту Құдайдың көз алдында дұрыс емес екенін Киелі кітап үйретеді. Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 27:20 немесе Забур 31:2 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 27:1-29
ТАНЫСТЫРУ	• Өтірік айту деген не? • Бүгінгі әңгімеде Жақып өзінің әкесіне өтірік айтты. Оның өтірігі әкесі мен ағасына жара әкелді. • Киелі кітаптан өтірік айтып, басқа біреуге жара салған тағы қай адамды білесің?
ҮЙРЕТУ	• Ысқақтың қартайған, көзі көрмей қалған кезі еді. Ол өлмей тұрып, үлкен ұлы Есауға батасын бергісі келді. Ол Есаудан ерекше тағам дайындап беруін сұрады. (Жарат.баст. 27:1 – 4) <i>Киелі кітаптағы оқиғалардың болған заманында әкенің өлмей тұрып, көзі тірісінде тұңғыш ұлына бата беруінің себебін түсіндіріңіз.</i> • Ысқақтың Есауға батасын беретінін Рабиға естіп қойды. Олар Жақып екеуі Ысқақты алдап, батасын алудың жоспарын құрды. Сонымен, Рабиға ерекше тағам әзірлеп, Жақыпты Есау секілді түкті етпек болып, оның қолдарын ешкінің жүндерімен орады. (Жарат.баст. 27:5 – 17) <i>Әр ата-ананың өздеріне ұнайтын балалары болғанын сезімталдықпен түсіндіріңіз. Рабиғаның сүйікті ұлы - Жақып, ал Ысқақтікі Есау болды. Олардың әрқайсысы өздерінің сүйікті ұлдарының батаға ие болғанын қалады. Үйде ата-ананың немесе мектепте мұғалімнің сүйіктісі болу туралы мысал келтіріңіз. Балалар бұны әділетсіздік деп санайды.</i> • Жақып Ысқаққа ерекше тағамды алып келді. Ол Ысқаққа өтірік айтып, Есау болып көрінді. Ысқақ Есаудың аңды тез аулап, дәмді тағамды жылдам істеп әкелгеніне таңғалды. (Жарат.баст.27:18 – 20) <i>Құдай Рабиға мен Жақыпқа риза болды деп ойлайсыңдар ма? Неге? Неге риза болмады деп ойлайсың?</i> • Ысқақ әлі де күдіктенді. Бұл шынымен Есау ма? Осыған көзін жеткізу үшін, ол Жақыптың қолдарындағы түкті ұстап көргісі келді. Иә, ... қолдары Есаудікі сияқты, бірақ даусы Жақыптікі. Ысқақ абдырап қалды. Сөйтіп, Жақып әкесіне өзінің Есау екенін айтып, тағы да өтірікке жол берді. (Жарат.баст. 27:21–24) • Ысқақ Жақыптың әкелген тамағын жеді. Жеп болғаннан кейін, ол Жақыпты Есау екен деп, оған батасын берді. (Жарат.баст. 27:25 – 29) <i>Ысқақ өзінің алданып қалғанын түсінгенде, ол қандай сезімде болды деп ойлайсыңдар?</i> • <i>Киелі кітап бізге неліктен өтірік айтпауды үйретеді?</i> • <i>Исаның көрсеткен үлгісі туралы ойланшы.</i> Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: www.bibleforchildren.org - Жақып А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Жақыптың өз әкесін алдауы
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Жаратылыстың басталуы 27:20 немесе Забур 31:2
ЕСТЕ САҚТАУ	• Ысқақтың сүйікті ұлы кім болды? • Рабиғаның сүйікті ұлы кім еді? • Ысқақ өлмей тұрып, Есау үшін не істегісі келді? • Рабиға Есаудың батаға ие болғанын қалады ма? Неліктен қаламады? • Жақып пен Рабиға Ысқақты қалай алдады? • Ысқақ неліктен Жақыпты танымай қалды? • Жақып пен Рабиға осы әңгімеде Құдайға ұнамды әрекет етті деп ойлайсыңдар ма? Неліктен Құдай оларға риза болмады?

A9 3-әңгіме
Жақыптың Құдаймен кездесуі

	Біздің үйренетініміз: - Құдай Өзінің уәдесін әрқашан орындайтын болғандықтан, біз Оған толық сенім арта алатынымызды Киелі кітап айтады. - Құдай біздің қамымызды ойлайтынын Киелі кітап растайды. Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 28:16 немесе Забур 85:11 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 28:1-22
ТАНЫСТЫРУ	- Өткен тақырыпта Жақыптың Есауды қалай алдағанын балалардың есіне салыңыз. Есау қатты ашуланып, Жақыпты өлтіруді жоспарлады. Жақыптың енді үйден кетуіне тура келді. - Балалардан Жақыптың орнына өздерін қойып көріп, көз алдарына елестетуін сұраңыз. Осылай аяқ асты үйден кетуге мәжбүр болса, олар өздерін қалай сезінер еді? - Жақып қателік жасаса да, Құдайдың оны жақсы көргенін және оның қамын ойлағанын балаларға түсіндіріңіз. Бүгінгі әңгімеден Құдайдың Жақыпқа Өзін қалай көрсеткенін білетін боламыз.
ҮЙРЕТУ	- Ысқақ Жақыпқа батасын берді, енді үйінен кетіп, Харандағы Лабан ағасына бару керектігі туралы кеңес берді. Ол сол жерден өзіне өмірлік жар табуы тиіс болды. (28:1–5) - Жақып жол жүру сапарында түнеу үшін бір жерге тоқтады. Ол басына тасты жастанды. <i>Бұның қалай болғанын көз алдыңа елестетіп көрші!</i> Ол ұйықтап жатқанда, түсінде жерден көкке дейін жетіп тұрған баспалдақты көрді. Құдайдың періштелері оның үстімен бір шығып, бір түсіп жүр екен. (28:10-12) - Жаратқан Ие баспалдақтың басында тұр екен. Ол Жақыпқа оны жарылқап, оған көп ұрпақ сыйлайтынын айтты. Құдай Жақыпқа жар болатынын уәде етті. Бір күні Құдай оны үйіне қайтып алып келмек. (28:13-15) <i>Уәде дегеніміз не? Сол туралы балалармен бірге талқылаңыз. Біз өз уәдемізде әрдайым тұрамыз ба? Неліктен уәдемізді орындай алмаймыз? Құдайдың Өз уәдесінде әрқашан тұратындығын балаларға түсіндіріңіз. Киелі кітап Құдайдың құдіретті екенін және Оның ешқашан өтірік айтпайтынын растайды.</i> - Жақып оянған кезде, Құдайдың сол жерде болғанын түсінді. <i>Құдайдың өзінің жанында болғаны туралы ойлағанда, Жақып қатты қорқып кетті. Жақып Құдайға ұнамайтын көп дұрыс емес іс-әрекеттерді жасады. Бірақ Құдай сонда да оның қамын ойлады!</i> Ол басына жастанған тасты алып, оның үстіне май құйды. Сол жерді Бетел деп атады. Құдай оған жар болып, оны үйіне қайтып алып келетін болса, онда Жаратқан Ие оның сиынатын Құдайы болатыны туралы Жақып уәде етті. (28:16–22) Жақып Құдайдың Өз уәдесінде әрқашан тұратынын әлі де үйренуі керек еді. <i>Киелі кітап біздің де Жақып сияқты екенімізді айтады, себебі біз де қателік жасаймыз. Алайда Құдай Жақыпты жақсы көргендей, Ол біздің әрқайсымызды сүйеді және қамымызды ойлайды. Ол біз үшін Өзінің Ұлын айқышта өлуге жібергенін балаларға түсіндіріңіз. Исаға сенім арту - жұмаққа апаратын жалғыз жол.</i> Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: www.bibleforchildren.org- Жақып А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Жақыптың Құдаймен кездесуі
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Жаратылыстың басталуы 28:16 немесе Забур 85:11
ЕСТЕ САҚТАУ	- Жақып не себепті үйінен кетуі керек болды? - Жақып басына не жастанды? - Жақып түсінде не көрді? - Құдай Жақыпқа түсінде не айтты? - Жақып бұрын дұрыс емес іс-әрекеттер жасаса да, Құдай оған қалай қарады? - Құдай біздің қамымызды ойлайтынын біз қайдан білеміз? - Жақып таспен не істеді? - Киелі кітаптағы жұмаққа апаратын жалғыз жол не?

A9 4-әңгіме
Жақыптың өмірлік жарын табуы

	Біздің үйренетініміз: - Алдамшы Жақыптың өзі алданып қалды. - Киелі кітапта басқалардың бізге қалай қарағанын қаласақ, өзіміз де оларға солай қарауымыз қажет екені айтылған. Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 29:28 немесе Ғалаттықтарға 6:7 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 29:1-30
ТАНЫСТЫРУ	- Бұрын ешқашан көрмеген және білмеген туыстарыңның үйінде тұрып көрген кезің болды ма? Бұл қалай болды? Немесе сіз өз өміріңізден осыған ұқсас оқиғаны айтып беріңіз. Жақып Харандаға нағашы ағасы Лабанның үйінде тұруға бара жатқанын балалардың есіне түсіріңіз. - Әңгімедегі жаңа кейіпкерлерді таныстырыңыз. Олар - Лабан мен оның қыздары Лия мен Рахила. - Бүгінгі әңгімеде Жақып алданудың қандай екенін түсінетін болады.
ҮЙРЕТУ	- Жақып Харанға бара жатты. Сапарының соңында ол құдықтың басында бірнеше шопанды жолықтырады. Олар нағашы ағасы Лабанды танитын болып шықты. (Жарат.баст. 29:1-8) - Лабанның қызы Рахила қойларын құдыққа айдап келді. Жақып құдықтың аузындағы тасты аударып тастап, қойларын суарып беруге көмектесті. (Жарат.баст. 29:9-10) - Жақып өзінің кім екенін Рахилаға айтты. Ол бұл жөнінде әкесіне айту үшін үйіне жүгіріп кетті. Лабан Жақыпты үйіне шақырды. (Жарат.баст. 29:11-14) <i>Олардың арасындағы әңгімені көз алдарыңа елестетіп көріңдерші.</i> - Жақып Лабанға жұмыс істей бастады. Жақып Рахиланы әйелдікке алу үшін Лабанға жеті жыл қызмет етті. Ол Рахиланы жақсы көргендіктен, бұған келісті. (Жарат.баст. 29:15-20) - Бірақ кейін Лабан Жақыпты алдады. Лабан Рахиланың орнына Лияны әйелдікке берді. (Жарат.баст. 29:21-27) <i>Жақып өзінің алданып қалғанын білгенде, ол қандай сезімде болды деп ойлайсыңдар? Жақыптың өзі басқаларды қалай алдағанын балалардан сұраңыз.</i> - Жақып Рахилаға да үйленді. Бірақ ол тағы жеті жыл қызмет етуге мәжбүр болды. (Жарат.баст. 29:29-30) <i>Лабанның қулығы Жақыптан да асып түсті!</i> <i>Жақып өзінің басқаларды алдаған кездері үшін өкінді деп ойлайсыңдар ма?</i> <i>Кейбіреулер Жақып өзіне пайықты жазасын алды деп айтуы мүмкін. Бұл туралы балалардың не ойлайтыны жөнінде талқылаңыз.</i> Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: www.bibleforchildren.org- Жақып А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Жақыптың әйел табуы
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Жаратылыстың басталуы 29:28 немесе Ғалаттықтарға 6:7
ЕСТЕ САҚТАУ	- Лабан қайда тұратын? - Лабанның екі қызының есімдері кім? - Жақып Харанға келгенде, Рахилаға қалай көмектесті? - Жақып қыздардың қайсысын жақсы көрді? - Жақып Рахилаға үйлену үшін қанша жыл қызмет ететінін айтты? - Лабан Жақыпты қалай алдады?

A10 1-әңгіме
Степанның Иса үшін өлуі

	Біздің үйренетініміз: • Степан Құдайды сүйді және өзінің жауларын да жақсы көрді. • Степанды таспен атқылап жатқанда, Иса онымен бірге еді және көкте күтіп тұрды. Негізгі аят: 1 Жохан 4:19 Киелі кітаптан үзінді: Елшілердің істері 6:8-15, 7:54-60
ТАНЫСТЫРУ	• Балалардың басқаларға көмек бергені жайында сұраңыз. • Басқаларға көмектесуге тырысқанда, олар соны қабылдасамаса, өзіңді қалай сезінер едің? Сені мазақтап немесе жарақаттаса ше? • Киелі кітаптан алынған бүгінгі әңгіме басқаларға көмектескен бір адам туралы. Басқа адамдардың оған не істегенін білейік.
ҮЙРЕТУ	• Степан Исаны жақсы көрді. Ол адамдарға көмек беретін кереметтер жасады. Бірақ кейбір яһудилер не оны, не Исаны ұнатпады. Олар жасырын түрде оған зиян келтірмек болды және Исаның құрбандығы туралы адамдарға айтуын тоқтатамыз деп шешті. (Елш.іст. 6:8-11) • Бұл адамдар Степан туралы жалған сөздер айтып, басқаларды оған қарсы қойып, онымен не істеу керектігін білу үшін сотқа алып келді. Олардың, тіпті, Степанның айтқандарын бұрмалайтын жалған куәгерлері де болды. (Елш.іст. 6:12-15) <i>Егер Степанның орнында болсаң, өзіңді қалай сезінер едің?</i> • Степан өзі және Иса туралы айтылған өтіріктерді естісе де ашуланбады. Адамдар Исаның онымен бірге екенін көре алды. Шындығында, оның бет-жүзі періштенікіне ұқсас болды. (Елш.іст. 6:15) Степан Исаны қорғады, алайда оның сөздері сол жердегі адамдарды қатты ашуландырды. (Елш.іст. 7:54) Степан қорқудың орнына көкке қарап, Исаның оны күтіп тұрғанын көрді. (Елш.іст. 7:55-56) <i>Степан Исаны көргенде, қандай сезімде болғанын балалардан сұраңыз.</i> • Жиналған адамдар ашуға булығып, Степанды одан әрі тыңдағылары келмеді. Олар Степанды қаланың сыртына алып шықты, оны өлтірмек болып, ірі-ірі тастарды лақтыра бастады. Сол кезде Степан Исаға сиынып, өзінің рухын қабыл алуын және бұл адамдардың күнәларын кешіруін сұрады. Содан кейін ол жан тапсырды. (Елш.іст. 7:57-60) • <i>Степан өлмей тұрып, өзінің жаулары үшін Исаның бір нәрсе істеуін сұрады. Ол неліктен солай істеді деп ойлайсыңдар?</i> • <i>Өзіміздің жасаған жаман қылықтарымыз үшін қалай кешірім ала алатынымыз жөнінде Киелі кітап не айтады?</i> Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Степанның Иса үшін өлуі.
ҮЙРЕНУ	Негізі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 1 Жохан 4:19. Степанның Исаға деген сүйіспеншілігін оның Иса үшін өлуге дайын болғанынан көре алатынымызды түсіндіріңіз. Иса айқыш ағашта құрбан болуы арқылы Өзінің Степанға деген сүйіспеншілігін әлдеқашан көрсетіп қойған.
ЕСТЕ САҚТАУ	• Степан қауымда көмекші болатын. Ол қалай көмектесті? • Степанды бәрі жақсы көрді ме? Не үшін жек көрді? • Яһуди адамдар халықты Степанға қалай қарсы қойды? • Степан өзі және Иса туралы жалған сөздер айтылғанда қалай әрекет етті? • Степан көкке қарағанда, нені көрді? • Жиналған халық Степанға не істеді? • Степан не туралы сиынды? • Біздің кешірімге қалай ие бола алатынымыз жөнінде Киелі кітап не дейді?

A10 2-әңгіме
Філіптің Ізгі хабар айтуы

	Біздің үйренетініміз: - Біздің күнәларымыздың кешірілуі үшін Иса Мәсіхке сенуіміз керек екенін Киелі кітап айтады. - Мәсіхшілер Киелі кітапты түсінуге Құдайдың Өзі көмектесетініне сенеді. Негізгі аят: Елшілердің істері 8:35 Киелі кітаптан үзінді: Елшілердің істері 8:26-40
ТАНЫСТЫРУ	- Балалардан шөл даланың қандай болатынын сұраңыз. Ол неге ұқсайды? Ол қандай сезім тудырады? Егер сенен танымайтын бір адаммен сөйлесу үшін шөл далаға баруыңды сұраса, барар ма едің? - Бір нәрсені түсінуге қиналған кезің болды ма? Мысалы, қандай да бір кітап, математикадан есептер, т.б. Сондай кезде кім көмектесті?
ҮЙРЕТУ	- Філіп Исаға сенді және елді мекендер мен қалаларда Иса туралы Ізгі хабарды жариялап жүрді. Бір күні періште оған шөл дала арқылы өтетін жолға шығуы қажеттігін айтты. <i>Філіп бұл жөнінде не ойлады екен?</i> Філіптің өзіне қарай келе жатқан күймені көргенін түсіндіріңіз. (Елш.іст. 8:26-28) Бұл Эфиопиядан келген, енді еліне қайтып бара жатқан маңызды бір адам болып шықты. Эфиопияның қай жерде екенін картадан көрсетіңіз. <i>Эфиопиялық адамның кім туралы естуі қажет болды деп ойлайсыңдар?</i> - Содан кейін Киелі Рух Філіпке сол адамға жақынырақ баруын бұйырды. Ол Көне Өсиеттің Ишая кітабынан дауыстап оқып отыр екен. Філіп одан оқығанының түсінікті ме, әлде жоқ па екенін сұрады. Бірақ ол түсінбеді. (Елш.іст. 8:29-31) <i>Аяттардың бірі қой сияқты өлтірілетін Біреу туралы болатын. Сойылуға бара жатқан қой ешқандай үн шығармайтынын түсіндіріңіз.</i> Філіп сол аяттар барлық адамзаттың күнәсін алу үшін айқыш ағашқа шегеленген Иса Мәсіх туралы екенін түсіндірді. <i>Иса өлімге Өз еркімен барғанын Киелі кітап баяндайтынын түсіндіріңіз.</i> - Сонда эфиопиялық адам өзінің күнәкар екенін және Құдайдан кешірім алуы тиіс екенін түсінді. Ол ештеңеге қарамастан Мәсіхтің өзі үшін құрбан болғанына сенді. (Елш.іст. 8:32-35) - Киелі Рух Філіпті басқаларға да Иса туралы айтуы үшін сол жерден алып кетті. (Елш.іст. 8:36-40) <i>Құдай Исаның айқыш ағашта әрбір адамның күнәсі үшін құрбан болғанын барлығының білгенін қалайды. Бізге бұл жөнінде Киелі кітап айтады. Біздің Киелі кітапты түсінуімізге көмектесетін адамдар жайында әңгімелесіңіз. Мысалы, қызметшілер, бағушылар, Киелі кітапты үйрететін мұғалімдер. Сондай-ақ мәсіхшілер Киелі Рухтан даналық пен бағыт-бағдар сұрай алады.</i> Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Філіптің Ізгі хабармен бөлісуі.
ҮЙРЕНУ	Негізі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Елшілердің істері 8:35
ЕСТЕ САҚТАУ	- Періште Філіпке қайда баруын тапсырды? - Уәзір қай елден келген еді? - Філіп оған неліктен барды? - Уәзір не туралы оқып отырды? - Філіп Иса туралы түсіндіріп бергенде, уәзір не істеді? - Ол үйіне қайтып бара жатқанда, қандай сезімде болды? - Мәсіхшілер Киелі кітапты түсіну үшін кімнен көмек сұрай алады?

A10 3-әңгіме
Саул және жарық нұр

	Біздің үйренетініміз: - Иса барлық адамдарды, тіпті, Өзін жек көретіндерді де сүйеді және олар үшін де құрбан болды. Бұл жөнінде бізге Киелі кітап үйретеді. - Киелі кітап біздің өмірімізді өзгерте алатын құдіреттің тек Исада ғана бар екенін айтады. Негізгі аят: 2 Қорынттықтарға 5:17 Киелі кітаптан үзінді: Елшілердің істері 9:1-9
ТАНЫСТЫРУ	- Саул Исаны жек көретін яһуди болатын. Ол Исаның соңынан ерген адамдарды жек көргені соншалық, олардың өлгенін қатты қалады. Степанды таспен атқылап жатқан кезде, оның сол жерде болғанын түсіндіріңіз. (1-әңгіме) - Балалардан Саулмен дос болуды қалай ма, жоқ па, соны сұраңыз. Неліктен қалайды? Неліктен қаламайды?
ҮЙРЕТУ	- Бір күні Саул Дамаск деген қалаға жолға шығып, сол жердегі мәсіхшілерді ұстап, оларды түрмеге жаппақшы болды. (Елш.іст. 9:1-2). <i>Сол жаққа бара жатқанда, Саулдың сезімдері мен мәсіхшілерге деген көзқарасы қандай болғанын балалармен талқылаңыз.</i> - Дамаскіге жақындап қалғанда, Саул кенеттен бір жарық нұрды көріп, жерге құлап түсті. <i>Саулға айтылған сөз бен оның жауабын қолданыңыз. Енді Саулдың қандай сезімде болғанын түсіндіріңіз. (Елш.іст. 9:3-4)</i> - Саул Исаның даусын естіді. <i>Саулдың енді не түсінгенін түсіндіріңіз. Ол Исаның Құдайдың Ұлы және Оның тірі екенін, өзінің Иса туралы ойларының дұрыс емес екенін түсінді.</i> Иса оған Дамаскіге баруды және сол жерде оған ары қарай не істеу керек екені айтылатынын білдірді. Саулдың қасындағы жігіттер дауысты естіп таңғалды, бірақ олар ешкімді көрмеді. (Елш.іст. 9:5-7) - Саул орнынан тұрғанда, оның көзі көрмей қалды. Сондықтан серіктері оны қалаға қолынан ұстап, жетелеп апарды. Оның үш күн бойы көзі көрмеді, еш нәрсе татпады. (Елш.іст. 9:8-9) <i>Оның көзі көрмей қалғанда, қандай сезімде болды деп ойлайсыңдар?</i> <i>Иса Саулмен неліктен осы сапарда кездескенін балалармен талқылаңыз. Саулдың Исаны және Оның жолына түскендерді жек көргенін балалардың есіне түсіріңіз. Саул оларды өлтіргісі келді, бірақ Иса оны жақсы көрді. Саул лайықты болмаса да, оның Өзінің соңынан ергенін және өмірінің толық өзгергенін қалады.</i> <i>Біз бәріміз күнәмыздан арылып, жаңаша өмір сүре алуымыз үшін Иеміз Исаға мұқтаж екенімізді Киелі кітап растайды.</i> Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Саул және жарық нұр.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 2 Қорынттықтарға 5:17 Киелі кітапта біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол адамның өмірі өзгеріп, жаңарғаны нақты айтылған.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Саул қайда бара жатты? - Ол неліктен Дамаскіге бара жатты? - Ол жолда нені көрді? - Ол нені естіді? - Дауыс оған не айтты? - Оған сөйлеп тұрған Исаның Өзі екенін білгенде, Саул не түсінді? - Саул үш күн бойы неден айырылды? - Киелі кітапта бізге жаңа өмір сүруге күш беретін кім деп айтылған?

A10 4-әңгіме
Саул – өзгерген адам

	Біздің үйренетініміз: - Құдай бізге көмектескісі келеді және біз мұқтаж болғанда, Өзінің адамдарын жіберетінін Киелі кітап үйретеді. - Мәсіхшілер Құдайдың қазір де Саул секілді адамдардың өмірін өзгертіп, оларды Өзінің қызметіне қолданатынына сенеді. Негізгі аят: Елшілердің істері 9:20 Киелі кітаптан үзінді: Елшілердің істері 9:10-23
ТАНЫСТЫРУ	- Саул туралы әңгіменің бірінші бөлігін қайталаңыз. «Бұрынғы» Саулдың қандай болғаны естеріңде бар ма? Дамаскіде тұрып жатқан мәсіхшілер «бұрынғы» Саул туралы ойлағанда, қандай сезімде болды? (қорықты ...) - Құдай олардың жаңа Саулды қабылдаулары үшін жүректерін дайындауы қажет болды. Бұдан әрі не болғанын көрейік!
ҮЙРЕТУ	- Құдай Анани деген кісіге аян беріп, Саулды іздеп табуын бұйырды. (Елш.іст. 9:10-12) Анани барғысы келді деп ойлайсыңдар ма? Неліктен барғысы келмеді? - Анани өзін Саулдың тұтқындауы немесе өлтіруі мүмкін деп қорықты. Құдай оған қорықпау керектігін айтты. Өйткені Ол Саулды Өзінің ерекше қызметіне таңдаған болатын. Ол Иеміз Иса туралы әлі естімеген халықтарға Ізгі хабар жариялайтын болады. (Елш.іст. 9:13-16) - Анани Құдайдың айтқанына мойынсұнып, Саулға барды. Ол Саулды «бауырым» деп атады <i>(олар енді Құдайдың отбасындағы ағайындылар болды)</i> және өзін Иеміз Исаның жібергенін айтты. Ол қолдарын Саулдың көзіне қойғанда, Саул қайтадан көре бастады. Сөйтіп, Саул да Киелі Рухқа кенелді. Ол шомылдыру рәсімінен өтіп, тамақ ішіп әлденді. (Елш.іст. 9:17-19a) Анани келген кезде, Саул не сезінді екен? - Көп уақыт өтпей жатып, Саул Дамаскідегі Исаның жолын қуған басқа да мәсіхшілермен кездесті. Ол бірден Иса туралы уағыз айта бастады. Сол кезде <i>Дамаскіде Саулды кездестірген адамдардың ойы мен көзқарасын түсіндіріңіз. Олар Саулдың осылай өзгеретінін күтпеді ғой!</i> - Саулдың өміріндегі өзгерісті естіген яһудилер оның айтып жүрген хабарын жақтырмай, оның көзін құртуды жоспарлады. Бір түні Саул себетке отырып, қала қабырғасынан төмен түсіріліп, Дамаскіден қашып кетті. (Елш.іст. 9:19-25) Саулдың өміріндегі өзгерістер мен енді ол Исаға сенген кезде болып жатқан жағдайларды салыстырыңыз. Киелі кітап уақытының сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Саул – өзгерген адам.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Елшілердің істері 9:20
ЕСТЕ САҚТАУ	- Құдай Ананиге қалай сөйледі? - Анани неліктен Саулға барудан қорықты? - Саулдың жаңа жұмысы қандай болмақ? - Анани қолын қойғанда, Саулдың көзіне не болды? - Анани келгенде, Саул тағы қандай сыйды қабылдады? - Саул бірден не істей бастады? - Саул неліктен себетке салынып, қашуы тиіс болды? - Біздің өміріміз Саулдікі сияқты қалай толық өзгере алады?

3-4 деңгей	A9 – 3-деңгей 1-сабақ. Пауылдың басынан өткендері Тақырып: Қудалаушы	A9 – 4-деңгей 1-талдау. Пауыл елші Тақырып: Оның өзгеруі
	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 9:1-19</i> Негізгі аят: 2 Қорынттықтарға 5:17 Біздің үйренетініміз: 1. Пауыл Исамен кездескеннен кейін өзгерді. 2. Киелі кітап Құдайдың қазір де адамдар өмірін өзгертетінін үйретеді.	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 9:1-30</i> Негізгі аят: 2 Қорынттықтарға 5:17 Біздің үйренетініміз: 1. Киелі кітап тек Құдай ғана біздің өмірімізді өзгерте алатынын үйретеді. 2. Киелі кітап мәсіхші болудың қиын, бірақ Құдай әрдайым жанымызда екенін айтады.
ТАНЫСТЫРУ	Жаңа Әсиеттің негізгі кейіпкерлерінің бірі Саулды таныстырыңыз. Оның Степанның өлімімен байланысын түсіндіріңіз. (<i>Елш.іст. 6:58</i>) Саул Иеміздің шәкірттеріне өлім қаупін тудырды. (<i>Елш.іст. 9:1</i>) Иса оның сапарын тоқтатып, өмірін өзгерткенге дейін, ол мәсіхшілерді қудаламақ болған. Өзгеруді түсіндіру үшін жұлдызқұрттың көбелекке айналуын мысал ретінде қолданыңыз.	Жаңа Әсиеттің негізгі кейіпкерлерінің бірі Саулды таныстырыңыз. Оның Степанның өлімімен байланысын түсіндіріңіз. (<i>Елш.іст. 6:58</i>) Саулдың мінез-құлқы туралы және осы әлемнің көзқарасы бойынша ол Құдайдың қызметін атқаруға лайықты болмағаны жайында ойланыңыз. Өзгеруді түсіндіру үшін жұлдызқұрттың көбелекке айналуын мысал ретінде қолданыңыз. Саулдың өмірінде таңғажайып өзгерістің болайын деп жатқанын түсіндіріңіз.
АЯҚТАУ/ ТОЛЫҚТЫРУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Кейін болған оқиғаларға дейін Пауылдың Саул деп аталғанын түсіндіріңіз. 2. Саул мәсіхшілерді бұғаулап, Иерусалимге әкелу үшін Дамаскіге бара жатты. 3. Саул Исамен кездескенде не болғанын және оған не айтылғанын мұқият түсіндіріңіз. Пауылдың кейін жазғандарын пайдалануға болады. (<i>Елш.іст. 22:1-13, 26:9-18</i>) 4. Саул үш күн бойы көзі көрмей, еш нәрсе ішіп, жемеді. Ол сол кезде не ойлады деп ойлайсындар? 5. «Өзгеру» деген сөздің мағынасы туралы ойланыңдаршы. Саул Құдайдың рақымдылығын (лайықсыз болса да, ықыласқа бөлену) бастан кешті және енді өмірін түбегейлі өзгертетін, яғни, жаңадан бастайтын болды. Бұл жағдайды қайтадан туылумен байланыстырыңыз. (<i>Жохан 3:3</i>) 6. 20-аятты оқыңыз. Саулдың өзгергенін қайдан білеміз? Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Қудалаушы	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Кейін болған оқиғаларға дейін Пауылдың Саул деп аталғанын түсіндіріңіз. 2. Степанның өлімінен кейін қудалау басталғанда, көптеген мәсіхшілер Иерусалимнен қашып кетті. Ал Саул олардың ізіне тусуға бел байлады. Ол осы сауда-саттықпен айналысатын қалада Исаның жолына түскендерді өлтіру арқылы мәсіхшіліктің басқа аймақтарға таралуын тоқтатамын деп ойлады. 3. Саул Исамен кездескенде не болғанын және оған не айтылғанын мұқият айтып беріңіз. Пауылдың кейін жазғандарын пайдалануға болады. (<i>Елш.іст. 22:1-13, 26:9-18</i>) 4. Киелі кітапта мәсіхші болудың еш оңай емес екені анық айтылған. Саул Исамен кездескеннен кейін ол үш күн бойы көзі көрмей, тамақтан да нәр таппады. Ол қандай сезімде болды екен? 5. Сондай-ақ, Саулдың «діншіл» болып кетпегенін ескеріңіз. Себебі ол өзгергенге дейін бұрыннан «діншіл» адам болатын. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның өзгеруі
ҚАЙТАЛАУ	Қабырғада Саулдың өзгергенге «дейінгі» және «кейінгі» өмірін көрсетіңіз. Оны сипаттайтын сөздерді, суреттерді пайдаланыңыз.	Үйрену мақсаттарына қайта бір қараңыз. Киелі кітаптың айтуынша, неліктен тек Құдай ғана адамдардың өмірін өзгерте алады? 2 Қорынттықтар 5:17 және Ефестіктерге 4:22-24 қараңыз.
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Біз Ананиге қарап, мойынсұну туралы не үйрене аламыз? 2. Жаңадан сенімге келген мәсіхшілерге қалай жігер бере алатынымыз жөнінде ойланып көріңдер. Жігер болатын мүмкіндіктердің тізімін жасап, постерге суретін салу.	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Бүгінгі заманда қай елдерде мәсіхшілер қуғын-сүргінге ұшырайтыны туралы біраз зерттеулер жасау. 2. 1 Тимоте 1:12-16 оқу. Адамдарды Құдайға әкелуге мәсіхшілердің куәліктері қаншалықты әсер етеді?

3-4 деңгей	A9 – 3 - деңгей 2-сабақ. Пауылдың басынан кешкендері Тақырып: Мәселелер	A9 – 4 - деңгей 2-талдау. Пауыл елші Тақырып: Оның сапарлары
	Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 9:19-30 Негізгі аят: Римдіктерге 1:16 Біздің үйренетініміз: 1. Барлық адам Ізгі хабарды қабылдай бермегендіктен, мәсіхші болу кейде қиын болып көрінуі мүмкін. 2. Жаңадан мәсіхші болған адамдардың сенімде өсіп, жетілуі үшін, оларға Киелі кітап сабақтары мен жігер беру қажет.	Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 11:19-26; 13:1-12 Негізгі аят: Елшілердің істері 13:12 Біздің үйренетініміз: 1. Өзгеріс дегеніміз - Мәсіхтегі жаңа өмірдің басталуы. 2. Жаңадан сенімге келген адамдардың мәсіхшілік өмір туралы түсініктері кеңеюі үшін, оларға Киелі кітап үйретілуі қажет.
ТАНЫСТЫРУ	Жігер берудің маңыздылығын балалармен талқылаңыз. Балалардың өмірлерінде біреуден жігер алған кездері жайында айтып беруін және олар үшін бұның нәліктен маңызды болғанын сұраңыз.	Біздің физикалық тәніміздің өсуі үшін тағамның қаншалықты қажет екенін мысал ретінде қолданып, балалармен бірге талқылаңыз. Мәсіхшілердің рухани өсуі жөніндегі идеяны таныстырыңыз. Балалардың біреуінен 1 Пемір 2:2 және 2 Пемір 3:18 оқып беруін сұраңыз.
АЯҚТАУ/ ТОЛЫҚТЫРУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Саул Дамаскіде уағыз айта бастағанда не болғанын және ол не туралы уағыздағанын түсіндіріңіз. 2. Яһудилердің оны нәліктен жек көргенін және Саул сол қаладан қалай қашып кеткенін түсіндіріңіз. 3. Саулдың қандай мәселесі болғанын және адамдар оның жариялап жүрген хабарына нәліктен қарсы болғанын талқылаңыз. Саул нәліктен Ізгі хабардан еш ұялмады? (негізгі аятты қараңыз) 4. Ол Иерусалимге қайта оралғанда, қандай мәселелерге тап болғанын сипаттаңыз. 5. Барнабаның Саул үшін қандай маңызды болғанын және мәсіхшілік өмірде жігерлендірудің маңыздылығы жөнінде әңгімелесіңіз. 1 Патшалықтар 30:6 оқыңыз. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Мәселелер	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Степанның өлімінен кейін мәсіхшілер бытырап кетіп, кейбіреулері Антакияға дейін барған еді. 2. Олар Иса туралы Ізгі хабарды уағыздап, көптеген адамдар сенімді қабылдап, Құдайдың жолына түсті. 3. Жаңадан сенгендерге көмектесу үшін Иерусалимнен Барнаба жіберілді. Ол бұның үлкен тапсырма екенін түсініп, Пауылды Антакияға алып келді. Сөйтіп олар екеуі бір жыл бойы қауымдағы көптеген адамдарға тәлім берді. 4. Сол уақытта Киелі Рух қауымға Барнаба мен Саулды жаңа тапсырманы орындауға жіберулерін айтты. 5. Олар Кипр аралына қарай жолға шықты. Сол жерде олар Елұма есімді сиқыршы адамның қарсылығына тап болды. Ол арал әміршісі Серги Пауылдың Иеміз Исаның жолына түсуіне кедергі жасауға тырысты. Саул сөйлегенде, Елұманың көзі көрмей қалып, Серги Пауыл Иеміз Исаға сенді. 6. Мәсіхшілерді қудалау Ізгі хабардың таралуына алып келді. (Елш.іст. 11:19-20) 7. Киелі кітап мәсіхші ретінде рухани өсудің маңыздылығын үйретеді. (1 Пемір 2:2) Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның сапарлары
ҚАЙТАЛАУ	Саулдың үлгісін пайдаланып, мәсіхшілік өмірдің қиыншылықтары туралы талқылау.	Келесі сұрақтарды пайдалана отырып, сабақты қайталау: 1. Пауыл мен Барнабаның ісі сәтті болды ма? Жауабыңды түсіндір. 2. Пауылдың Елұмамен кездесуінен зұлым рухтардан үстем Құдайдың құдіреті жайында біз қандай сабақ үйренеміз?
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау 1. Кейде адамдар мәсіхші болғаннан кейін өмірде мәселе болмайды деп күтеді. Осындай көзқараспен жүретін адамдарға Пауыл қандай кеңес береді деп ойлайсындар? 2 Қорынттықтар 11:23-33 аяттар жөнінде ойлану. 2. Балалар екі-екіден отырып, қиыншылықтарға тап болған мәсіхшілерге арнап жігерлендіру мінажатын жазу.	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау 1. Киелі кітапты жақсырақ түсіну үшін мәсіхшілер не істей алады? Бірнеше ойларды тізіп жазу. 2. Антакиядағы сенушілер нәліктен алғаш рет «мәсіхшілер» деп аталғаны жөнінде ойлану.

3-4 деңгей	A9 – 3-деңгей 3-сабақ. Пауылдың басынан кешкендері Тақырып: Уағыздаушы	A9 – 4-деңгей 3-талдау. Пауыл елші Тақырып: Оның уағыз айтуы
	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 13:1-12</i> Негізгі аят: <i>Елшілердің істері 13:12</i> Біздің үйренетініміз: 1. Киелі Рух жұмыс істеді. Ізгі хабар жаңа жерлерде жарияланып жатты. 2. Киелі кітапта Ізгі хабарға қарсылық болатыны айтылған.	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 13:13-52</i> Негізгі аят: <i>Елшілердің істері 13:49</i> Біздің үйренетініміз: 1. Мәсіх жайындағы хабар Көне Өсиеттен бастау алады. Мәсіхтің өлімі мен Оның қайта тірілуі Құдайдың жоспары болатын. 2. Киелі кітап күнәға кешірімді тек Мәсіх арқылы ғана алуға болатынын растайды.
ТАНЫСТЫРУ	Құдай мен шайтанның арасындағы қақтығысты балаларға таныстырыңыз. Бұған Едем бағынан мысал келтіріп, әлемге күнәнің кіруі жайында әңгімені балалармен талқылаңыз. Шайтанның әлі күнге дейін белсенді әрекет ететінін және Иса туралы Ізгі хабардың уағыздалуына қарсы тұратынын айтыңыз.	Балалардан кешірудің қаншалықты маңызды екенін сұраңыз. Күнделікті өмірде біреуді кешіруге тиіс жағдайлар туралы ойландырыңыз. Киелі кітап неліктен біздің Құдайдың кешіріміне мұқтаж екенімізді айтатынын қарастырыңыз. Мәсіхшілердің күнәға кешірім алу туралы тәлімінің негізі Мәсіх екенін талқылаңыз. Кешірім туралы жалған түсініктерді зерттеңіздер.
АЯҚТАУ/ ТОЛЫҚТЫРУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Степанның өлімінен кейін мәсіхшілер басқа үлкен аймақтарға бытырап, кейбіреулері Антақияға дейін барды. 2. Олар Иса туралы Ізгі хабарды таратып, көптеген адамдар Құдайға бет бұрып, сенімді қабылдады. 3. Жаңадан сенгендерге көмектесу үшін Иерусалимнен Барнаба жіберілді. Ол бұның үлкен тапсырма екенін түсініп, Пауылды Антақияға алып келді. Сөйтіп олар екеуі бір жыл бойы қауымдағы көптеген адамдарға тәлім берді. 4. Сол уақытта Киелі Рух қауымға Барнаба мен Саулды жаңа тапсырманы орындауға жіберулерін айтты. 5. Олар Кипр аралына қарай жолға шықты. Сол жерде олар Елұма есімді сиқыршы адамның қарсылығына тап болды. Ол арал әміршісі Серги Пауылдың Иеміз Исаның жолына түсуіне кедергі жасауға тырысты. 6. Саул сөйлегенде, Елұманың көзі көрмей қалып, Серги Пауыл Иеміз Исаға сенді. 7. Сол кездегі мен қазіргі күндегі Ізгі хабардың маңыздылығын талқылаңыз. 8. Елұмаға неліктен Құдайдың қаһары төгілгені туралы бірге ойланып көріңіз. Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Уағыздаушы	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Пауыл енді басқа Антақияға келді (Писидия аймағы). 2. Өзінің алғашқы хабарында ол яһудилердің тарихына егжей-тегжейлі есеп берген болатын. Сол тарихтың шарықтау шегі - Исаның туылуы. Оның өлімі мен қайта тірілуі. Ол сөзін: «...Құдай күнәларыңды осы Адамның құрбандығы арқылы кешіретінін хабарлаймыз...» - деп қорытындылады. (38-аят) 3. Мәжілісханадағы бірінші уағызынан кейін, жамағат оны келесі демалыс күніне де шақырды. 4. Келесі демалыс күні Пауылды естуге қала халқының бәрі дерлік жиналды. Бұл яһуди жетекшілерінің қызғанышын тудырды. 5. Олар Құдайдың сөзінен бас тартқандықтан, Пауыл Ишая 49:6-аятта жазылғандай енді басқа ұлттарға баратынын айтты. 6. Яһуди жетекшілері неліктен Мәсіхтің өлгенін қалағанын түсіндіріңіз. 7. Исаның неліктен өлуге тиіс болғанын және Оның өлімі мен қайта тірілуі қалайша Құдайдың жоспары болғаны жайында қарастырыңыз. 8. Мәсіхтің Құтқарушы ретінде ерекшелігі туралы Киелі кітап не дейді? (38-39 аяттарды қараңыз) Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның уағыздауы
ҚАЙТАЛУ	Бірнеше қорытынды сұрақтар қойып, сабақты қайталау. Елұма мен Серги Пауылдың Ізгі хабарға көзқарастарын салыстыру. Ізгі хабарға деген бүгінгі күндегі қарсылықтар туралы ойлану. Сол қарсылықтарға мәсіхшілер қалай жауап беру керек?	Сабақты қайталау үшін балаларға сұрақтар қою.

**ӨМІРДЕ
ҚОЛДАНУ**

**Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай
шақыру тастайды? Талқылау.**

1. Қазіргі таңда көптеген киноларда сиқыршылықты көрсету кеңінен тараған. Мысалы, Гарри Поттер, т.б. Осы сияқты кинолардан мәсіхшілер үшін қандай мәселелер туындауы мүмкін екенін балалармен талқылаңыз.

**Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру
тастайды? Талқылау.**

1. Мәсіхтің Құтқарушы ретінде ерекшелігі бүгінгі мәдениеттерге қандай шақыру тастайды?
2. **Ефестіктерге 4:32 оқу.** Пауылдың сөздерін өмірде қолдану қаншалықты қиын?

3-4 деңгей

A9 – 3-деңгей
4-сабақ. Пауылдың басынан
кешкендері
Тақырып: Екіге бөлінген қала

A9 – 4-деңгей
4-талдау. Пауыл елші
Тақырып: Оның басына
түскен қиындықтары

Киелі кітаптың назар аударатыны: *Елшілердің істері 13: 13-16; 42-52*

Негізгі аят: *Елшілердің істері 13:49*

Біздің үйренетініміз:

1. Мәсіхшілер Құдайдың Сөзін тыңдаудың маңызды екеніне сенеді.
2. Киелі кітап Мәсіх туралы хабардың барлық адамдарға арналғанын және оны қабылдағандарға қуаныш әкелетінін айтады.

Киелі кітаптың назар аударатыны: *Елшілердің істері 14: 1-28*

Негізгі аят: *Марқа 16:20*

Біздің үйренетініміз:

1. Мәсіх туралы Ізгі хабар адамдардың арасында бөлінушілік туындатады. Ізгі хабарға кейбір экстремалды көзқарастар да бар.
2. Қарсылыққа қарамастан, Пауыл Иеміз Исаға адал болып қалды.

ТАНЫСТЫРУ

Балалардан Киелі кітаптың неліктен маңызды екенін сұраңыз. Балалардан бүгінгі үзіндіде Құдайдың сөзі қанша рет аталғанын санауды сұраңыз.

Барлық адамдарға арналған Мәсіх туралы хабар Киелі жазбаларға сүйенетіні туралы ойды балаларға таныстырыңыз. Мәсіхшілердің әр түрлі мәдени ортадан шыққандарын балалардың естеріне салыңыз.

Балалардан «адал болу» деген сөзге анықтама берулерін сұраңыз. Олардан әдеттегі адалдық пен адалдық танытатын адамдардың мысалдары туралы ойлануын сұраңыз. Адалдықтың неліктен маңызды екенін балалармен бірге қарастырыңыз.

**АЯҚТАУ/
ТОЛЫҚТЫРУ**

Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру

Талқылау және түсіндіру:

1. Пауыл енді басқа Антақияға келді (Писидия аймағы). Сол жердегі мәжілісханадағы бірінші уағызынан кейін, жамағат оны келесі демалыс күніне де шақырды.
2. Келесі демалыс күні Пауылды естуге қала халқының бәрі дерлік жиналды. Бұл яһуди жетекшілерінің қызғанышын тудырды.
3. Олар Құдайдың сөзінен бас тартқандықтан, Пауыл ***Ишайа 49:6-аятта*** жазылғандай енді басқа ұлттарға баратынын айтты.
4. Пауылдың тыңдармандарына назар аударыңыз (***16, 42, 43, 48 аяттар***)
5. Ізгі хабардың неліктен алдымен яһудилерге жарияланғанын түсіндіріңіз. (***Заң.қайт. 14:2, Жохан 4:22, Елш.іст. 13:46 қараңыз***)
6. Құдайдың Сөзі қалай тарағанын сипаттаңыз. (***49-аят***)

Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз.
4-сабақты аяқтаңыз.

Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Екіге бөлінген қала

Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру

Талқылау және түсіндіру:

1. Пауыл мен Барнаба Қонияға келгенде, яһудилер мен басқа ұлттық адамдардың көбі Иемізге сенді, ал сенбейтін яһудилер қарсылықты қоздырды.
2. Ізгі хабарға бола қала тұрғындары екі жақ боп бөлініп кетті. Ал кейбіреулері Пауыл мен Барнабаны тас лақтырып өлтірмекші болды. Сөйтіп, екі елші Лүстраға қашуға мәжбүр болды.
3. Сол жерде Құдай Пауылды бір сал адамды сауықтыру үшін қолданды. Соның нәтижесінде қала тұрғындары оларды тәңірлер деп ойлап, оларға құрбандық шалмақшы болды.
4. Пауыл мен Барнаба оларды түкке тұрмайтын тәңір бейнелерінен бет бұрғызып, тірі Құдайға әкелуге тырысып жатқандарын айтты. Олар Құдайдың беретін барлық игіліктері жөнінде түсіндірді. (***17-аят***)
5. Антақия мен Лүстрадан яһудилер келіп, жергілікті халықты үгіттеп, Пауылды тас лақтырып ұрып, өліп қалды деп ойлап, оны қаладан сүйреп шығарып тастады. Бірақ Пауыл тірі қалды және келесі күні Барнабамен бірге Дербеге жүріп кетті. Сол жерде көптеген адамдар Исаның шәкірті болды.
6. Содан кейін олар өмірлеріне қауіп төнген мәсіхшілерге жігер беру үшін Лүстраға, Қонияға және Антақияға қайтып барды.
7. Киелі кітапта Құдайдың Кім екені туралы айтылған сөздерге ерекше назар аударыңыз. (***15-17 аяттар***)
8. Пауыл мен Барнаба секілді табанды болудың маңыздылығы жөнінде ойланыңыз. **22-аятты мұқият қарастырыңыз.**

Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз.
3-талдауды аяқтаңыз.

Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның мәселелері

ҚАЙТАЛАУ	Өңгіменің негізгі ойларын қайталау және 42 мен 48-аяттарда басқа ұлт адамдарының Мәсіх туралы хабарды қалай қабылдағандары жөнінде ойлану. Яһуди жетекшілері қалай қабылдады? Сол кезде Пауыл қандай сезімде болды екен?	Бүгінгі сабақты қайталау үшін балаларға сұрақ қойыңыз. 1. 3-аяттағы «кереметтердің» мақсаты қандай болды? 2. Осы үзіндіде Пауыл мен Барнаба Құдайға деген адалдықтарына салмақты қарай алды ма?
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Бүгінгі таңда адамдар Ізгі хабарға қалай қарайды? 2. Мәсіх туралы хабарды басқа мәдениеттерге жеткізуге тырысып жатқан елшілердің қызметі жайында зерттеу.	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау. 1. Топқа бөлініп, «адал» сөзіне мәсіхшілік өмірге негізделген акростика жазу. 2. Қабырғаға бүгінгі қоғамда жалған тәңірлерді бейнелейтін экспозиция жасау. Мәсіх туралы Ізгі хабардың олардан қандай айырмашылығы бар?

3-4 деңгей	A10 – 3-деңгей 1-сабақ. Пауылдың басынан кешкендері Тақырып: Құдай үшін азап шегу	A10 – 4-деңгей 1-талдау. Пауылдың басынан кешкендері Тақырып: Пауыл Філіпіде
	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 14:1-21</i> Негізгі аят: 1 Петір 4:16 Біздің үйренетініміз: 1. Мәсіхшілер кейде өз сенімдері үшін азап шегеді. Киелі кітапта сондай кездерде «берілмеуге» жігер береді. 2. Мәсіхшілер бәрінің қамын ойлайтын Жаратушы тірі Құдайға сенім артады.	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 16:9-40</i> Негізгі аят: Елшілердің істері 16:31 Біздің үйренетініміз: 1. Құдайдың жетелеуіне мойынсұнып, Оған құлақ асудың маңызды екенін бізге Киелі кітап үйретеді. 2. Киелі кітап құтқарылудың барлық адамдарға арналғанын және ол тек Иса Мәсіх арқылы ғана келетінін растайды.
ТАНЫСТЫРУ	Балалармен бірге мәсіхшілер неліктен Құдайға Жаратушы ретінде сенім артатындарын зерттеңіз. Егер орынды болса, онда басқа да көзқарастарды қарастырып, олар туралы балалардың пікірін сұрастырыңыз.	Киелі кітап неліктен бәріміз Құдайдың құтқаруына мұқтаж екенімізді айтады? Мәсіхшілер біздің өз іс-әрекетіміздің арқасында емес, Құдайдың Иса Мәсіх арқылы жасаған істерінің арқасында құтқарылғанымызға сенеді.
АЯҚТАУ/ ТОЛЫҚТЫРУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Пауыл мен Барнаба Қонияға келгенде, яһудилер мен басқа ұлттық адамдардың көбі Иемізге сенді, ал сенбейтін яһудилер қарсылықты қоздырды. 2. Ізгі хабарға бола қала тұрғындары екі жақ боп бөлініп кетті. Ал кейбіреулері Пауыл мен Барнабаны тас лақтырып өлтірмекші болды. Сөйтіп, екі елші Лүстрадаға қашуға мәжбүр болды. 3. Сол жерде Құдай Пауылды бір сал адамды сауықтыру үшін қолданды. Соның нәтижесінде қала тұрғындары оларды тәңірлер деп ойлап, оларға құрбандық шалмақшы болды. 4. Пауыл мен Барнаба оларды түкке тұрмайтын тәңір бейнелерінен бет бұрғызып, тірі Құдайға әкелуге тырысып жатқандарын айтты. Олар Құдайдың берген барлық игіліктері жөнінде түсіндірді. 5. Антакия мен Лүстрадан яһудилер келіп, жергілікті халықты үгіттеп, Пауылды тас лақтырып ұрып, өліп қалды деп ойлап, оны қаладан сүйреп шығарып тастады. 6. Бірақ Пауыл тірі қалды және келесі күні Барнабамен бірге Дербеге жүріп кетті. 7. Киелі кітапта Құдайдың Кім екені туралы айтылған сөздерге ерекше назар аударыңыз. (15-17 аяттар) 8. Пауыл мен Барнаба секілді табанды болудың маңыздылығы жөнінде ойланыңыз. Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Құдай үшін азап шегу	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Азияның басқа аймақтарына бармауға Пауылға нақты нұсқау берілді. Сол түні оған аян арқылы Македонияға (Еуропаға) баруы туралы айтылды. 2. Еуропаға Ізгі хабардың жетуіне қандай жағдайлар себепші болғанын талқылаңыз. (9-аят) 3. Філіпіде ол өзен жағасында мінажат етіп жатқан әйелдерді кездестірді. Олардың бірі Лүдия болатын. 4. «Құдай Лүдияның жүрегін жібітті» деген қандай мағына беретінін түсіндіріңіз. (14-аят) 5. Пауыл сәуегейлік жасайтын қыздың бойынан жынды қуып шыққанда, ол Сыйлас екеуі ұсталып, түрмеге жабылды. 6. Сол жерде жер сілкініп, бүкіл тұтқындардың шынжырлары шешіліп түсіп қалды. Түрме бастығы өзін өлтірмекші болғанда, Пауыл ешкімнің қашып кетпегенін айтып, оны тоқтатты. 7. Түрме бастығының қойған сұрағы мен Пауылдың берген жауабын жақсылап түсіндіріңіз. (Елш.іст. 16:31) 8. Құтқарылу үшін бізге Иса Мәсіхтің қажет екеніне ерекше көңіл аударыңыз. Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Пауыл Філіпіде
ҚАЙТАЛАУ	Бүгінгі сабақты <i>Мысырдан шығу 20:1-6-аяттармен</i> байланыстырыңыз. Бүгінгі мәсіхшілер үшін тірі Құдайдың шындық екенін балалардың түсінуіне көмектесіңіз. Қазіргі қоғамдағы жалған тәңірлер бейнесі мәсіхші мен Құдайдың арасындағы қарым-қатынасқа қалай кедергі бола алатындығы жайында балаларға ой салыңыз.	Келесі тапсырма мен сұрақ арқылы сабақты қайталаңыз. 1. Түрме бастығының сенімді қабылдауынан кейін болған оқиғаларды сипаттап беру. 2. Осы үзіндіде шомылдыру рәсімінен өту үшін қандай талаптарға сай болу керек? (15, 31-33-аяттар)

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау.

1. Құдайдың алдындағы біздің жауапкершілігіміз мәсіхшілік өмірімізге қалай әсер етуі қажет екенін ойлау.
2. **15-аят** бізге пендеге «табыну» туралы нені үйретеді?

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау.

1. Шомылдыру рәсімі - біздің Иса Мәсіхке және сенушілердің қауымына тиесілі екеніміздің сыртқы белгісі. Бүгінгі мәсіхшілер үшін шомылдыру рәсімінен өту неліктен маңызды? Шомылдыру рәсімінде куәгер болған адамдарға бұл қалай әсер етеді?

3-4 деңгей	A10 – 3-деңгей 2-сабақ. Пауылдың басынан көшкендері Тақырып: Өмірлік дос	A10 – 4-деңгей 2-талдау. Пауылдың басынан көшкендері Тақырып: Пауыл Салониқа мен Берейда
	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 16:1-3; 2 Тимоте 1:1-5</i> Негізгі аят: 2 Тимоте 3:15 Біздің үйренетініміз: 1. Иса Иеміз туралы Ізгі хабарды түсіну үшін Киелі жазбаларды оқып- білудің жақсы көмек беретініне мәсіхшілер сенеді. 2. Мәсіхшілердің өздеріне қол ұшын беретін және дұғада тұратын достарының болғаны жөн.	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 17:1-14</i> Негізгі аят: <i>Елшілердің істері 17:11</i> Біздің үйренетініміз: 1. Иемізге сенушілер Исаның Көне Өсиетте алдын ала уәде етіліп, Оның өлімі мен қайта тірілуі қажет болған Мәсіх екеніне сенеді. 2. Мәсіхшілер Киелі кітаптың Құдайдың Сөзі екеніне және мәсіхшілік сенім Құдайдың Рухының жетелеуімен жазылған осы кітапқа негізделетініне сенеді.
ТАНЫСТЫРУ	Біздің өмірімізде жақсы не жаман жағынан көп әсер ететін жағдайлар туралы талқылаңыз. Иеміз Исаға сенетін адамдар өз өмірлеріне мәсіхшілік ықпалды маңызды деп санайтынын балалармен бірге қарастырыңыз. Олардан мәсіхшілік жағынан өмірлеріне ықпал ететін кімдерді білетіндерін сұраңыз.	Балалардан кімдерді маңызды адам және неліктен оларды маңызды деп ойлайтындарын сұрап, ой бөлісіңіз. Оларға Ізгі хабардың бір ерекше Адам туралы екенін түсіндіріңіз. <i>Елшілердің істері 17:1-14</i> аяттарда жазылған хабарды бірге оқып, тыңдауға шақырыңыз.
АЯҚТАУ/ ТОЛЫҚТЫРУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Тимотенің жанұясы туралы түсіндіріңіз. 2. Тимотенің сеніміне әжесі мен анасының қалай әсер еткенін айтыңыз. 3. Егер жанұяда бәрі бірдей құндылықтарды ұстанбайтын болса, қандай қиыншылықтарға тап болатыны жөнінде балалардың ойлануын сұраңыз. 4. Пауыл неліктен Тимотенің сүндеттелуі қажет деп сенді? Қазіргі кезде сенушілер осыған ұқсас қандай жағдайлардан өтуі мүмкін? 5. Содан кейін Тимоте Пауылмен бірге сапарға шыға бастады және оның керемет көмекшісіне айналды. 6. Пауылдың Тимотеге жазған хатындағы сөздеріне назар аударыңыз. (<i>2 Тимоте 1:3-5</i>). Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Өмірлік дос.	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Пауыл Філіпіден Салониқаға жол тартты. Ол сол жерде мәжілісханада уағыз айтты. 2. Салониқадағы Пауылдың уағыздаған хабарын түсіндіріңіз. Сондай-ақ, «Мәсіх» деген сөздің «Құдай майлаған Құтқарушы» дегенді білдіретінін түсіндіріңіз. 3. Ол айтқан хабардың артынан не болғанын айтыңыз. 4. «Бүкіл әлемде төңкеріс жасаушылар мұнда да келіпті!» - деген сөздер туралы балаларды ойландырыңыз. (6-аят) 5. Пауыл мен Сыйлас қаладан түн ішінде тағы да тезірек кетуге мәжбүр болып, Берейға барды. 6. Берейдағы яһудилер Салониқадағылардан мүлдем өзгеше болатын және олар Киелі жазбаларды күн сайын зерттейтін. (11, 12-аяттар) 7. Алайда, сол жерде де көп қарсылыққа ұшырағандықтан, бауырластар Пауылды Афиныға дейін шығарып салды. 8. Пауыл мен Сыйластың басына түскен қысымшылықтар мен қазіргі кездегі мәсіхшілердің сенімдері үшін көріп жүрген қиындықтарын салыстырыңыз. Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Пауыл Салониқа мен Берейда
ҚАЙТАЛУ	Негізгі аятты үйреніп, балалармен бірге оның бүгінгі сабақты қалай қорытындылайтынын талқылау.	<i>Ешуа 1:8-аятты</i> оқып, негізгі аятпен салыстыру. (<i>Елш.іст. 17:11</i>) Бұл аяттар бізге нені үйретеді?

**ӨМІРДЕ
ҚОЛДАНУ**

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау.

1. Тімоте өзіне өте маңызды досты, Пауылды, тапты. Пікірлес достардың болғаны қаншалықты маңызды?
2. Тімоте жас кезінен бастап Киелі жазбалардың шындығын үйренген еді. Бұл оның ересек өмірге дайын болуына қандай себебін тигізді? Оның үлгісінен мәсіхшілер нені үйрене алады?

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау.

1. Киелі кітапты үйретушілер мен уағыздаушылар Киелі жазбаның өзіне қарсы не айтатынын тексеру қаншалықты маңызды?
2. Исаны Патша ретінде қабылдау мәсіхшілік өмірге қандай өзгеріс әкеледі?

3-4 деңгей	А10 – 3-деңгей 3-сабақ. Пауылдың басынан кешкендері Тақырып: Пауыл түрмеде	А10 - 4-деңгей 3-талдау. Пауылдың басынан кешкендері Тақырып: Пауыл Афины мен Қорынтта
	Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 16:16-34 Негізгі аят: Елшілердің істері 16:31 Біздің үйренетініміз: 1. Киелі кітап біздің Иса Мәсіхке деген сеніміміз арқылы ғана құтқарылатынымызды үйретеді. 2. Киелі кітап бойыншы шомылдыру рәсімі адам өзгергеннен кейін орындалады.	Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 17:15-34; 18:1-18 Негізгі аят: Елшілердің істері 17:30-31 Біздің үйренетініміз: 1. Киелі кітап тәубе етуді/кешірім сұрауды Құдайдың талап ететінін үйретеді. 2. Киелі кітапта Құдайдың әлемді соттайтыны айтылған.
ТАНЫСТЫРУ	Балаларға қандай да бір жағдайдан құтқарылу/құтылып шығу туралы болған оқиғаны әңгімелеп беріңіз. Сол әңгімені пайдаланып, «құтқарылды», «Құтқарушы», «құтқарылу» сөздерінің мағынасын түсіндіріңіз.	Тәубе етудің анықтамасын балалардан сұраңыз. 1 Салониқалықтарға 1:9-аятты тәубе етуді түсіндіретін құрал ретінде пайдаланыңыз. Бұл дегеніміз теріс жолдан мүлдем бет бұруды білдіретініне ерекше назар аударыңыз. Тәубе етуді жақсырақ түсінуге Ізгі хабарды қабылдап, өмірлері түбегейлі өзгерген адамдардың куәліктері жақсы мысал бола алады.
АЯҚТАУ/ ТОЛЫҚТЫРУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Ізгі хабардың Еуропаға таралуына себепші болған жағдайларды сипаттап беріңіз. (9-аят) 2. Пауыл Філіпіде өзеннің жағасында сиынатын бір топ әйелдерді жолықтырды. Олардың ішінде Лүдия деген әйел болды. 3. «Құдай Лүдияның жүрегін жібітті» деген қандай мағына беретінін түсіндіріңіз. (14-аят) 4. Пауыл сәуегейлік жасайтын қыздың бойынан жынды қуып шыққанда, ол Сыйлас екеуі ұсталып, түрмеге жабылды. 5. Сол жерде жер сілкініп, бүкіл тұтқындардың шынжырлары шешіліп түсіп қалды. Түрме бастығы өзін өлтірмекші болғанда, Пауыл ешкімнің қашып кетпегенін айтып, оны тоқтатты. 6. Түрме бастығының қойған сұрағы мен Пауылдың берген жауабын жақсылап түсіндіріңіз. (Елш.іст. 16:31) 7. Иса Мәсіхтің Есімінде құдіреттің барын баса айтыңыз. (18-аят) 8. Мәсіхшілер кейде әділетсіз жәбір көрулері мүмкін екенін түсіндіріңіз. (23-аят) Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Пауыл түрмеде	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Пауыл Афиныда жолдастарын күтіп жүргенде, қаптаған тәңір бейнелерін көріп, ашуланды. 2. Ол мәжілісхана мен базарда Иса туралы уағыздай бастады. 3. Пауылды қаланың орталығына апарып, уағыздап жүрген ілімін түсіндіруін сұрады. 4. Пауыл ұлы Жаратушы Құдай туралы және Оның әрқайсымыздан алыс емес екенін айтып берді. Ол сондай-ақ, Құдайдың осы дүниені соттайтынын, сотты жүргізетін Кісіні тағайындап қойғанын және сол Кісіні өлімнен қайта тірілтіп алғанын уағыздады. 5. Өлімнен қайта тірілу туралы естігенде, көбісі Пауылды мазақ қылса, өзгелері сенді. Пауыл көп ұзамай Қорынт қаласына бет алды. 6. Сол жерде ол Ақила мен Прискиланы жолықтырды. Олар Пауылдың көмекшілері болды. Пауыл Қорынтта 18 ай болып, көптеген адамдар Иеміз Исаға сенді. 7. Елшілердің істері 18:9. Құдай оған Қорынтта қауіпсіздікте болатынын растады. 8. 24-31-аяттарда Пауылдың Құдай туралы не үйреткеніне ерекше назар аударыңыз. 9. Сот деген не? Сол туралы балалардың ойлануына түрткі болыңыз. 10. Афины мен Қорынттағы адамдар Пауылдың уағыздаған хабарын қалай қабылдағандары жөнінде қарастырыңыз. Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Пауыл Афины мен Қорынтта
ҚАЙТАЛУ	Пауыл мен Сыйластың Філіпіде бастарынан кешкендері жайында граффити тақтасын жасау.	Пауылдың Афиныдағы және Қорынттағы уағыздау тәсілін салыстыру. Осы тәсілдердің бір-бірінен айырмашылықтары болды ма? Неліктен?

**ӨМІРДЕ
ҚОЛДАНУ**

**Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай
шақыру тастайды? Талқылау.**

1. Шомылдыру рәсімінде өзіңді Мәсіхке тиесілі екеніңді көпшіліктің алдында көрсеткенде, қандай қиындықтар болуы мүмкін?
2. Бізді әділетсіз жәбірлегенде, қалай әрекет етеміз? Пауыл мен Сыйлас қандай мінез көрсетті?

**Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру
тастайды? Талқылау.**

1. Қазіргі уақытта адамдар Құдайдың орнына қандай жалған тәңірлерге табынады?
2. Бүгінгі таңда адамдар Құдайдың болашақтағы соты туралы оқығанда, естігенде, оны қалай қабылдайды? Мәсіхшілер бұны қалай қабылдауы керек?

3-4 деңгей	A10 – 3-деңгей 4-сабақ. Пауылдың басынан кешкендері Тақырып: Афины қаласы	A10 – 4-деңгей 4-талдау. Пауылдың басынан кешкендері Тақырып: Пауыл Ефес қаласында
	Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 17: 10-34 Негізгі аят: Елшілердің істері 17: 30 Біздің үйренетініміз: 1. Құдайдың жер мен көкті жаратқан тірі Құдай екенін Киелі кітап растайды. 2. Құдай барлық адамдарға тәубеге келуді бұйырады. 3. Киелі кітап Құдайдың әлемді соттайтынын айтады.	Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 19: 1-41 Негізгі аят: Ефестіктерге 2:8-9 Біздің үйренетініміз: 1. Ефес қаласында Құдайдың Сөзі мен Оның ісі кеңінен тарады. 2. Иеміз Исаның Есімінің даңқы артты.
ТАНЫСТЫРУ	Балалардан «жалған тәңір» дегенді қалай түсінетінін сұраңыз. Мысырдан шығу 20-тараудағы алғашқы екі өсиетті балалармен бірге талқылаңыз. 1 Салониқалықтар 1:9-аятты пайдаланып, тәубе етудің не екенін түсіндіріңіз.	3-талдаудағы сабақты қайталаңыз. Тәубе ету туралы және оның күнделікті өмірде не мағына беретіні жайында балаларға ой салыңыз. Тәубе ету өмір сүру салтының өзгеруіне жетелейтіні туралы ойды дамытыңыз. Елшілердің істері 19:18-20-аяттарды талқылаңыз.
АЯҚТАУ/ ТОЛЫҚТЫРУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Пауыл Афиныда жолдастарын күтіп жүргенде, қаптаған тәңір бейнелерін көріп, ашуланды. 2. Ол мәжілісхана мен базарда Иса туралы уағыздай бастады. 3. Пауылды қаланың орталығына апарып, уағыздап жүрген ілімін түсіндіруін сұрады. 4. Пауыл ұлы Жаратушы Құдай туралы және Оның әрқайсымыздан алыс емес екенін айтып берді. Ол сондай-ақ, Құдайдың осы дүниені соттайтынын, сотты жүргізетін Адамды тағайындап қойғанын және сол Адамды өлімнен қайта тірілтіп алғанын уағыздады. 5. Өлімнен қайта тірілу туралы естігенде көбісі Пауылды мазақтаса, өзгелері сенді. Пауыл көп ұзамай Қорынт қаласына бет алды. 6. Пауылдың Құдай туралы не үйреткеніне ерекше назар аударыңыз. (24-31-аяттар) 7. Иеміз Исаның қайта тірілуінің маңыздылығын атап көрсетіңіз. (31-аят) 8. Пауылдың уағыздаған хабарын адамдар қалай қабылдағанын талқылаңыз. (32-34-аяттар) Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Афины қаласы	Киелі кітаптағы әңгімені таныстыру Талқылау және түсіндіру: 1. Пауыл енді Ефес қаласына келді. Сол жерде ол Киелі Рухты әлі қабылдамаған кейбір шәкірттерді кездестірді. 2. Жақияның шәкірттерін Пауылдың шомылдыру рәсімнен өткізуі неліктен қажет болғанын түсіндіріңіз. 3. Мәжілісханадағы яһудилер Пауылдың уағзына тағы да қасарысқандықтан, ол бір дәрісхана тауып, сол жерде екі жыл бойы тәлім берді. 4. Құдай Пауыл арқылы айрықша құдіретті кереметтер жасады. (11-аят) Пауыл арқылы Киелі Рухтың құдіреті көрсетілгендіктен, көптеген адамдар Иемізге сеніп, өз сенімдерін ашық жариялады. Олардың не істегендерін түсіндіріңіз. 5. Ефестегі үлкен толқуға себепші болған оқиғаларды қысқаша сипаттап беріңіз. (23-41-аяттар) 6. Құдай Патшалығы деген нені білдіретінін түсіндіріңіз. (8-аят) 7. Құдайдың Сөзі Ефес қаласында қалай басым болғанын сипаттаңыз. (20-аят) 8. Жаңадан мәсіхші болған адамдар өздерінің бұрын жасаған іс-әрекеттері мен әдеттерімен қалай күресу керек екендерін талқылаңыз. Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Пауыл Ефес қаласында
ҚАЙТАЛУ	Тақтаға суреттер қойып, сабақты қайталау. Бір жағына қазіргі кезде адамдардың табынатын жалған тәңірлерінің суреттерін, ал екінші жағына Киелі кітаптың көзқарасын бейнелейтін суреттерді көрсету.	«Ізгі хабардың Ефес қаласына келуі» деген тақырыпта интеллектуалды карта сызу. Елшілердің істері 19-тараудағы болған оқиғалар жайында мақала жазу.

ӨМІРДЕ
ҚОЛДАНУ

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау.

1. Мәсіхшілер Ізгі хабарды таратуға қаншалықты мән берулері керек? Осы туралы айтатын аяттарды Киелі кітаптан табу.

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау.

1. Мәсіхшілердің сенімі ізгі жол деп те аталады. **(9-аят)** Оның мағынасы қандай? Ол бізді не нәрсеге шақырады?
2. **35-41-аяттардағы** қала хатшысының әрекетінен біздің қоғамдағы жауапкершілігіміз туралы қандай сабақ үйрене аламыз?

А қосымшасы 0 және 1-деңгейлер Тегін Киелі кітап суреттері

	Тақырып	Әңгіменің суреттері	Пайдалануға болатын слайдтар
A9	Жақып	Жақыптың өз ағасын алдауы	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-jacob-esau/	(1-3, 6-7 слайдтар)
		Жақыптың өз әкесін алдауы	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-jacob-isaac/	(0-деңгей: 4-7-слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-jacob-isaac/	(1-деңгей: 1, 3-8-слайд)
		Жақыптың Құдаймен кездесуі	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-jacob-ladder/	(1-4-слайд)
		Жақыптың әйел табуы	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-jacob-ladder/	(0-деңгей: 7-8-слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-jacob-ladder/	(1- деңгей: 6-8- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/rg-isaac-wife/	(Жақып пен Рахила – 22- слайд)
A10	Алғашқы мәсіхшілер	Степанның Иса үшін өлуі	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-saul-escapes/	(3-4- слайд)
		Філіптің Ізгі хабар айтуы	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/isc-objects/	(айналдыру – 9- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/philip-ethiopian/	(мысалы, 1-4, 11-слайдтар)
		Саул және жарық нұр	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/sb-saul-damascus/	(2-5- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-paul-damascus/	(1, 3-4-слайдтар)
		Саул - өзгерген адам	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/sb-saul-damascus/	(7-8, 10, 12-слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ls-paul-damascus/	(7- слайд)

А қосымшасы 2-деңгей Тегін Киелі кітап суреттері			
	Тақырып	Әңгіменің суреттері	Пайдалануға болатын слайдтар
A9	Жақып	Жақыптың өз ағасын алдауы	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/esau-jacob/	(6-12, 14-слайд)
		Жақыптың өз әкесін алдауы	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jacob-deceives/	(1-8, 10- слайд)
		Жақыптың Құдаймен кездесуі	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jacob-dream/	(1-6, 9- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/isc-objects/	(14- слайд)
		Жақыптың әйел табуы	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jacob-wedding/	(1-12- слайд)
A10	Алғашқы мәсіхшілер	Степанның Иса үшін өлуі	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/stephen-martyred/	(8-17- слайд)
		Філіптің Ізгі хабар айтуы	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/philip-ethiopian/	(мысалы, 1-4, 9-11-слайдтар)
		Саул және жарық нұр	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-conversion/	(4-8- слайд)
		Саул - өзгерген адам	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-conversion/	(11, 13-20-слайдтар)

В қосымшасы 3-деңгей Тегін Киелі кітап суреттері			
	Тақырып	Әңгіменің суреттері	Пайдалануға болатын слайдтар
A9	Пауылдың басынан кешкендері	Қудалаушы	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-conversion/	(3-14- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/bj-paul-maps/	(карта – 1- слайд, 3-слайд)
		Мәселелер	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-conversion/	(16-24- слайд)
		Уағыздаушы	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-cyprus/	(2, 6-17-слайдтар)
		Екіре бөлінген қала	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-antioch-iconium/	(4, 6-11- слайд)
A10	Пауылдың басынан кешкендері	Құдай үшін азап шегу	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-antioch-iconium/	(11-15- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-lystra-derbe/	(1-8- слайд)
		Өмірлік дос	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-antioch-philippi/	(7-8, 12- слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/photos/bt-paul-lydia/	(мысалы, 1-слайд)
		Пауыл түрмеде	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-silas-prison/	(1-10-слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/bj-paul-maps/	(карта – 3,4-слайдтар)
		Афины қаласы	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-thessalonica-berea/	(6, 8-12-слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-athens/	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/athens/	(мысалы, 3, 10, 12, 14, 16, 17-слайдтар)

С қосымшасы		4-деңгей	Тегін Киелі кітап суреттері
	Тақырып	Әңгіме суреттері	Пайдалануға болатын суреттер
A9	Пауыл елші	Оның өзгеруі	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-conversion/	(1-22-слайд)
		Оның сапарлары	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-cyprus/	(1-7, 9-18- слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/bj-paul-maps/	(карта –1, 2, 3-слайдтар)
		Оның уағыз айтуы	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-antioch-iconium/	(1-10- слайд)
		Оның басына түскен қиындықтар	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-antioch-iconium/	(11-15- слайд)
A10	Пауыл	Пауыл Філіпіде	
		https://www.freebibleimages.org/photos/bt-paul-lydia/	(2-12, 15- слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/photos/bt-paul-fortune-teller/	(4, 8-9, 11-14, 16-21- слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/photos/bt-paul-prison/	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-antioch-philippi/	(10-17- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-silas-prison/	
		Пауыл Салониқа мен Беряда	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-thessalonica-berea/	(1-11- слайд)
		Пауыл Афины мен Қорынтта	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/athens/	(мысалы, 2, 8, 12, 14, 16, 18- слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-athens/	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-corinth/	(мысалы, 1-2, 5-10- слайдтар)
		Пауыл Ефесте	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-ephesus/	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-demetrius-artemis/	



© Bible Educational Services 2019

www.besweb.com

Registered Charity UK 1186004